

М.М.БАХТЫБАЕВ

ТАЛАС ӨЗЕНІНІЦ ЖОҒАРҒЫ АҒЫСЫНДАҒЫ
ҚӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІЦ ЗЕРТТЕЛУІ

В статье рассматривается история изучения «Таласских памятников» верхнего течения реки Талас, выявленных в конце XIX в. членами Туркестанского кружка любителей археологии и финно-угорской экспедиции.

Makalede XIX asuu sobunda Türkistan arheolojik grubu ve Finno-Ugr seyahatçilerinin Talas nehir boyunca bulduğu 'Talas abidelerini' okutmuş tarihinden bahsediliyor.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірме мүшелеңі ашып, ғылыми айналымға енгізген көптеген археологиялық ескерткіштерді Кеңес дәуірінде кеңінен жаңа методология негізінде қайта зерттеліп, олардың инструментальды өлшемдері альнып, толық сипаттамалары жазылды. Бұл жұмыстарды кейінгі зерттеулер алдына қойған өзекті мәселелерінің бірі болды.

Үйірме мүшелеңінің ішінде, Әулиеата уезінде атқарған зерттеу жұмыстарының белсенділігімен ерекше көзге түсken - В.А.Каллаур болды. Ол 1843 жылдың 6 ақпанында Минск қаласында дүниеге келген. 1865-1867 жылдары аралығында, ол Санкт-Петербургтегі Константиновский училищесінде оқып, оны бітірген соң подпорудчик шенінде 3-і Орынбор батальонында әскери қызмет атқарды. В.А.Каллаур 1876 жылы әскери қызметтен кетіп, Түркістан генерал-губернаторлығының Эскери-халық басқармасына қызметке ауысады. 1876 жылдың 17 наурызында №49 бүйрық негізінде, ол Әулие ата уез басшысының аға көмекшісі болыш тағайындалады. Ал, 1880-1898 жылдар аралығында Әулие ата уезі басшысы қызметтін атқарады [1, 9].

В.А.Каллаур 1896 жылдың 26 ақпанында еткен үйірме отырысында үйірме мүшелігіне қабылданып [2, 9-11], Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің жұмысына белсене кірісіп, Әулиеата уезінде орналасқан ескерткіштердің зерттелуіне сүбелі үлес қосқан зерттеушілердің бірі болды.


В.А.Каллаур атқарған ізденіс жұмыстарының ішінде ерекше орын алатын - қөне түркі жазу ескерткіштері болыш табылады. Талас өзенінің жоғарғы ағысында ашылған бұл ескерткіштерінің үйірме үшін маңызы зор болды. М.Е.Массон, бұл туралы былай деп жазды: «Дешифровка рунических древнетурецких надписей – один из выдающихся успехов, вышавших на долю мировой тюркологии, а обнаружение их в долине Таласа, ...ставилось в особую заслугу всей деятельности Туркестанского кружка любителей археологии в Ташкенте...» [3.5].

В.А.Каллаур 1896 жылдың қараша айында Айыртамой жазығындағы,


М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...

Қалба шатқалына барап жолдың бойында, Дмитровское ауылынан 8 верст жерден, төрт қатардан тұратын жазуы бар тасты ашып (1-сурет), оның сипаттамасын берді. Жазуы бар құмтастың алғашқы орнынан екі қадам жерге қозғалтылғандығын, ол бастаңыда 7,5 вершок тереңдікке көмілгенін аташ етіп, тас өлшемдерін берді: ұзындығы 1,75 аршын, биіктігі 10 вершок. Тастың бетіндегі жазулар жақсы сақталған. Бірінші қатардағы жазудың ұзындығы 1 аршын 7 вершок, екінші қатардағы жазу ұзындығы 1 аршын 9 вершок, үшіншісі – 1 аршын 7,5 вершок, ал төртіншісі – 9 вершок. Сонымен қатар, В.А.Каллаур 1898 жылдың мамырында жергілікті тұргын Бердіқожин берген мәліметке сүйене отырыш, орқун жазуы бар екі тасты тауыш, олардың көшірмелерін түсірді. Бірінші таста бес қатар жазу сақталған, ал, алтыншы қатардағы жазу өшіп кеткен, оның ұзындығы $1\frac{1}{2}$ аршын. Ал, екінші таста кескінделген он бір қатар жазудың бір бөлігі табиғат әсерінің салдарынан бұзылған. Оның ұзындығы 3 аршын болыш келген. Екінші тастағы жазулардың - 5 қатары жақсы сақталған, 3 қатары толық емес және 3 қатары өшіп кеткен [4.124-127].

Осы жылдың 5 мамырында, Талас өзенінің жоғырғы ағысында қазба жүргізу және жазуы бар тастарды іздестіру мақсатымен Г.И.Гейкель басқарған Фин-Угор ғылыми қоғамының археологиялық экспедиция осы өңірде зерттеу жүргізіш, орқун жазуы кескінделген екі ескерткіш ашты. Сонымен бірге, экспедиция мүшелері барон К.Мунке мен О.Доннер В.А.Каллаур ашқан Құлансай шатқалындағы №1 (2-сурет), Терексай шатқалындағы №2 және №3 тастардағы жазуларды қайта зерттеді [4.123-124].



1-сурет. 1896 ж. В.А.Каллаур ашқан бірінші «Талас ескерткіші»



2-сурет. В.А.Каллаур ашқан «Шиимтас» ескерткіші

Әулие ата уезінде алғашқы көне түркі жазуының табылуы Қазақстан мен Орта Азияны мекендейген түркі тайшалары арасында орқын әлшілесі қолданылғанын көрсетіп, осы уақыттан бастап орталықта орналасқан ғылыми ұйымдар мен белгілі зерттеушілер үйірме атқарған жұмыстарына қызығушылықпен қарай бастиды.

1893 ж. 15 желтоқсанында, Дания корольдігі Ғылым академиясының отырысында, В.Томсен көне түркі жазуының құпиясын шешу жолындағы ізденістерінің нәтижесі туралы баяндады. В.Томсен «Депифровка Орхонских и Енисейских надписей» атты мақаласында: «Язык надписей оказался настоящим тюркским наречием, совершенно горманичным, очень близко родственным уйгурскому, но не совсем с ним тождественным. В некоторых отношениях орхонское наречье кажется более первобытным» дейді [5, 8]. Бұл оқиға, Талас өнірінде ашылған көне түркі жазуларын да аударуға мүмкіндік берді.

М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...

XIX ғ. сонында Талас өнірінде табылған көне түркі жазуларын академик В.В.Радлов [5, 14], П.М.Милюранский [6, 271-272] және XX ғ. бірінші жартысында шетелдік ғалымдар Ю.Немет [7] пен Х.Н.Оркун [8] зерттең, қайта аударды.

1897 ж. 25 ақпанында өткен Орыс археологиялық қоғамының Шығыс бөлімінің отырысында П.М.Милюранский, В.А.Каллаур ашқан тастағы жазуда 17 орқун таңбалары кездесетіндегін атап [9, с.II; 1, 20], оның алғашқы аудармасын - В.В.Радлов жасады. Ал, XX ғ. 30-шы жылдары орқун жазуларын белгілі ғалым лингвист С.Е.Малов қайта зерттең, олар эпитафия екенін атап етті [10, 57-63; 11, 74-75].

1925 жылы Музей ісі, табигат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеті (Средазкомстарис) тараапынан құрамында профессор Б.П.Денике және инженер М.М.Логинов бастаған «екінші» археологиялық экспедиция ұйымдастырылып [12, 31], зерттеу барысында Б.П.Денике экспедициясы Әулиеата қаласынан тас бағана мен орқун жазуы бар тасты ташқанын жазады [13, 30]. Кейінрек, С.Е.Малов табылған жазудан түсірілген көшірмесіне сүйене отырыш, көне түркі жазуы бар бұл тасты В.А.Каллаур ашқан тас екенін анықтайды [10, с.58].

С.Е.Малов бұл жазуды В.В.Радлов колданған ретпен оқып, қайта аударды:

- (1) Устроив свои владения (?); мое геройское имя Удун, от вас (я отдался, т.е. умер)
- (2) Жена его в печали своей осталась вдовой
- (3) Его младшие братья: Кара-барс и Огул-барс,
- (4) в отношении своих товарищей (отдался) [8, 59].

Сонымен қатар, С.Е.Малов 1898 жылы В.А.Каллаур және Фин-угор экспедициясы Айыргамойда ашқан төрт көне түркі жазуларын зерттең, сипаттамасын береді. Осы ескерткіштер (Талас ескерткіштері) жайлы 1898 жылы жарық көрген П.М.Милюранскийдің мақаласында, 1918 жыны - Г.Гейкелдің монографиясында зерттеулер толығымен сипатталып, 1926 жылы профессор Ю.Немет және 1939 жылы Х.Н.Оркун олардың аудармасын жасады [14, 15].

В.А.Каллаур Айыргамойда ташқан екінші Талас ескерткішін 1936 жылы С.Е.Малов және 1970-шы жылдары Ч.Джумагулов аударып, оған қосымша түсінкітеме береді.

Екінші ескерткіштің аудармасы (С.Е.Малов бойынша):

- (1) Верные друзья «Тридцати огланов-юношей». В год Обезьяны, семнадцатого
числа,
- (8) случилось
- (2) Мое имя «Черный чур», почетное имя – «Снег не распустит» (или «Черту (финиш) не пропустит»)
- (7) имя сына его Агулт (?)

- (3) Нижнее (?) мое государство обходя и проежая, я допустил появиться красным и белым пятнам (на лице).
(6) Имя жены – Тучаян, имя сына «Черный чур»
(4) «Черный чур»; - «Совершенно гнедой» ... «Не распускающий снег» (?).
(5) «Черный чур» ... от своих родственников отделился (т.е. умер) [10, с.60-61].

Екінші ескерткіштің аудармасы (Ч.Джумагулов бойынша):

От пользы и удовольствий «тридцати огланов-юношей» (отделился). В (год) обезьяны, семнадцатого числа случилось.

Мое имя –«Черный чур», почетное имя – «Снег не распустит» (или: «Черноту не минует»).

Имя сына его Агулт (?)

Нижнее (?) мое государство обходя и проежая, я допустил появиться красным и белым пятнам на своем лице.

Имя жены – Тучаян, имя сына «Черный чур».

«Черный чур» - «Совершенно гнедой», «Не распускающий снег».

«Черный чур» от шестидесяти благ и своих родственников отделился (т.е. он умер) [15, с.33].

Екінші Талас ескерткішінде басқаларға қарағанда бір ерекшелігі, бұл жазуда цикличалық жануарлар күнтізбесі бойынша уақыты көлпірліген және онда 150-ге жуық таңбалар бар.

Үшінші (С.Е.Малов бойынша төргінші ескерткіш) тастағы жазуды П.М.Милиоранский және С.Е.Малов аударды.

П.М.Милиоранскийдің аудармасы:

1) вы не взяли (??) ... 2) ? низкие вы люди, юноша Чогул (?) погиб (или: юноша с Чугулом остался) ... 3) имя его Чур (или Чора), с тридцатью 4) юношами (или огланами) телохранителями (?) он разлу- 5) чился [6, 272].

С.Е.Маловтың аудармасы:

Имя его – Чур. От вас, тридцать огланов, от выгод и благ (мира) он отделился (т.е. умер). Вам, доверенные мужи, Оглан-чур, наследуя, остался. Жена его вдовой осталась [11, 75].

Фин-угор экспедициясы апқан төргінші (С.Е.Малов бойынша үшінші) тастағы жазудың аудармасы:

(1) Я непрерывно ходил (походом) на границу и внутри государства.

(2) Я, Бег-чур сын, от выгод и благ (мира)

(3) отделился). Сын его, наследуя, остал-

(4) ся. Печальная вдова осталась

(5)

(6)

және бесінші тастағы жазудың аудармасы:

(1) Разбитая горем княгиня рыдает, старшая бабушка, в отношении вас

(2) Сын ее Умач... дары... блестящее серебро...

(3) ... дары... дары [10, 61-63].

М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...

Көне түркі ескерткіштерін зергтеуде Қазақстандық ғалымдар сұбелі үлес қости. Олардың қатарында белгілі түрколог ғалымдар: Ф.Айдаров, А.С.Аманжолов, А.Есенқұлов, М.Жолдасбеков [16, 18], Н.Базылхан [17, 117-122] және т.б.

1896 жылы В.А.Каллаур және 1961 жылы П.Н.Кожемяко ашқан жазуларды рунолог Т.Досанов қайта зергтец, С.Е.Малов, Ч.Джумагулов, И.А.Батманов пен А.Аманжоловтардың аудармаларына талдау жасап, олар жіберген қателіктеге тоқталды [18, 53-69].

Бірінші Талас ескерткішіндегі жазуының аудармасы (Т.Досанов бойынша):

1. По состоявшемуся именованию мое воинское имя Одун. Вы
2. (Вы) его госпожа, при этом расставании остались вдовой.
3. Его младшие братья Кара-барс и Огул-барс
4. замкнулись в себе [18, 65-68].

Талас ескерткіштерінің кескінделген уақыты туралы бірнеше шікірлер бар. Г.Гейкель мен Г.Ретциус тастар табылған қорымда жүргізілген қазба жұмыстары барысында пыққан жәдігерлерге сүйене отырып, оларды V ғ.-мен мерзімдесе, С.Е.Малов олар жайлы: «Приурочение этих эпитафий и далее деревянной палочки с рунической надписью к какому-либо столетию затруднительно. Можно только предполагать, что все эти письмена не новее VIII в. н.э.» -деп шайымдайды [8, 63]. Л.Р.Кызласов Талас жазуларын, керісінше IX-X ғғ. мерзімдейді [19, 186], ал И.В.Кормушин оларды қарахан кезеңіне (Х-ХII ғғ.) жатқызды [20, 47].

Бірақ, соңғы екі шікір П.Н.Кожемяконың жазу бар тас табылған жерде және Д.Ф.Винниктің оның қабатындағы В.А.Каллаур ашқан қалашықта жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелеріне қайшы келеді. Қорымның бір бөлігі бұзылған, оның үстіне қарахан кезеңінің бекінісі салынғаны (ортагасырлық Кескінтөбе) анықталды. Д.Ф.Винник Кескінтөбе қалашығында тоғызының орқұн жазуы бар тас табылған жерде кесік салып, қазба барысында – қалашықтың солтүстік-батыс бүрышында, 4 м тереңдікте жазуы бар бір тас және онан 2 м солтүстікте тағы бір тас тапты. Зергтеу нәтижесінде жазуы бар тастар қарахан кезеңінің мәдени қабатының астында орналасқанын және бір тас сол кезеңде салынған құрылыш негізіне (фундаментіне) қолданғанын анықталды. Сонымен қатар, Д.Ф.Винник Айыртамойда табылған барлық жазулар мен екі балбал тастың оба қорымымен байланысты екенін алға тартып, оны (оба қорымын) құрылымы ерекшелігіне қарай VI-VIII ғғ. мерзімдейді [21, 94-99].

Белгілі ғалым В.Левшиц И.А.Батмановтың шікіріне сүйене отырып, Талас ескерткіштерінің кескінделген уақытын орқұн жазуларынан (орқұн жазуларының ед ерте кезеңі VII ғ. екінші жартысымен мерзімделген) кейін жазылған, -деген шікір айты [22, 89].

Казіргі таңда, белгілі ғалым С.Г.Кляшторный Талас ескерткіштеріндегі жазулар типология жағынан эпиграфикалық енисей руналарына жақын

екенін, бірақ стилистика жағынан олардан төмен және өткен тарихты білмей Талас жазуларының мазмұны мен терминологиясын түсіну өте қын екенін алға тартып, Талас ескерткіштерін шалеографиялық және текстологиялық негіздеріне сүйене отырып мерзімдеу өте қын, -деп қорытындылады [23, 90]. С.Г.Кляшторный Айыртамойдағы обаларда жерленген билеушілердің эпитафиялық жазуларына сүйеніп, ең жоғарғы титул «чор» (чур) болыш табылады, -деп жазады.

Батыс түркі қағандығы кезінде мемлекеттің батыс бөлігі, оның ішінде Талас өңірі де «нүшиби» рулар бірлестігі қолында болды. Олардың ру басшылары –«иркин» ал, мемлекеттің шығыс бөлігін билеген «дулу» рулар бірлестігінің ру басшылары - «чор» титулымен аталды. VII ғ. соңында, дулу бірлестігінен шыққан Тұргеш әулеті билікке келген соң, «чор» титулы бүкіл мемлекет жерінде қолданылды. С.Г.Кляшторныйдың шікірінше: «Со времени Чабыш-чора Сулуга (716-738) слово чор вошло в царскую титулатуру. ... Чабыш-чора Сулук стал первым князем из «черных» тюргешей, он ввел слово “кара” в свою титулатуру. Именно при Сулуге в Таразе утвердилась кара-тюргешская династия...» -дейді [23, 90]. Чабыш-чора Сулуктан кейін, билік оның ұлы - Тахварсен Кут-чораға (738-739) етті. Бірақ, 740 жылы қара тұргеш билеушілері Тараз империясы әскеріне қарсы шайқаста қаза болыш, 766 жылы Тараз қарлуктардың қол астына өтеді. С.Г.Кляшторный VII ғ. бірінші жартысында Талас өңірі бастан кешірген тарихи оқиғаларды және «чор» титулы қара тұргеш әулеті билік күрган кезіндегі жоғарғы титул екенін алға тартып, Талас эпитафияларының кескінделген уақытын Чабыш-чора Сулук пен оның ұлы Тахварсен Кут-чора билік құрған кезеңіне (716-739) тұра келеді, - деп пайымдайды [23, 91].

Тұрколог ғалым Н.Базылхан, В.В.Радлов көне түрік тілінің тілдік, жазулық, морфологиялық ерекшеліктерін ескере отырып - ұш диалектке, Н.А.Басқаков ұш кезеңге (Алтайлық, Хұн және Көне түрк), ал С.Г.Кляшторный жаiba ескерткіштерін тарихи-сақси (этникалық) тұрғыдан бөлгенин алға тартып, жазба ескерткіштеріндегі тарихи оқиғаларды тарихидеректанулық тұрғыдан толтастырудың маңыздылығы зор, - деп пайымдайды [24, 111].

В.А.Каллаур 1896 жылы ашқан ескерткіштің жазуы ерекшe әдіспен (дукт) және бірінші еki қатар төменинен жоғарыға қарай кескінделгенін, жазу солдан оңға қарай жазылғанын, екінші еki қатар бірінші қатарға қарағанда теріс кескінделгенін және оңнан солға қарай жазылғанын алға тартып, Т.Досанов келесі тұжырымға келді: «Тем не менее это самый верный палеографический признак, свидетельствующий о том, что данный памятник является самым древнейшим среди известных каменописных текстов и составлен гораздо древнее V века» [18, 69]. Т.Досанов руникалық жазу Енисей өңіріне Жетісу өңірінен келген. Оларды өздерімен бірге үйсіндер әкелген, деген шікір айтты.

М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...

В.А.Каллаур және Фин-угор экспедициясы Айыртамой жазығында ашқан 5 орқун жазуы бар тастардан басқа, 1961 жылы археолог П.Н.Кожемяко жаңадан, бұрын ғылымға белсіз болыш келген, көне түрк жазуы бар 1 тас және Д.Ф.Винник басқарған экспедициясы 3 тасты апты [25, 3-10]. Ғылыми әдебиеттерге П.Н. Кожемяко ашқан тас – сегізінші Талас ескерткіші (С.Г. Кляшторный бойынша - алтыншы), ал Д.Ф.Винник ашқан жазулар – тоғызыны, оныны және он бірінші Талас ескерткіштері атымен енді.

В.А.Каллаурдың Құлансай мек Терексай шатқалдарынан ашқан жазулары да ғылыми оргада қызығушылық туғызыш, жан-жақты зерттелді. В.А.Каллаур жартастардағы жазуларды үйғыр тілінде жазылған деген шікір айтыш, 1897 жылдың 10 қараша күні өткен Үйірме отырысында, Құлансайды табылған жазу жайлы В.Р. Розениң хаты оқылды. Онда «Әулиеата уезінде В.А.Каллаур ташқан бұл жазулардың үйғыр тілінде жазылғаны сөзсіз. Онан, академик В.В.Радлов бірнеше есімдерді анықтады» - дедінген. Алайда, В.А.Каллаур Құлансай мен Терексайды табылған жазулар үйғыр тілінде жазылған болмаса да, бұл жазулар көне жазу екені сөзсіз және оларға назар аудару қажеттілігін атап өткен [26, 6].

В.А.Каллаур Құлансай және Терексай шатқалдарында ашқан жазуларды - 1923 жылы П.П.Иванов, 1930 жылы М.Е.Массон қайта зерттеді. П.П.Иванов 1934 жылы жарық көрген өзінің мақаласында, 1923 жылы Талас өзенінің жоғарғы ағысында жүргізген археологиялық зерттеулер нәтижелеріне тоқталды. 1923 жылдың 12 маусым күні, ол Құлансай шатқалындағы «Шиимтас» тасындағы жазуды көріш, келесі күні басқа шатқалдарға барлау жүргізу кезінде, олардың бірінде Шиимтастағы жазуларға ұқсас тасқа жазылған жазу тащанын атап өткен. П.П.Иванов тастардағы жазулардың көпірмесін түсіріп, оларды лингвист ғалымдар С.Е.Малов пен Н.Н.Попше зерттец, С.Е. Малов жазулардың үйғыр тіліне ұқсамайтынын алға тарты, ал Н.Н.Попше бұл жазулар монголша болуы мүмкін емес, - деп жазды [27, 241-251].

П.П.Ивановтың «К вопросу о древностях в верховьях Таласа» атты мақаласын жан-жақты қарастырып зерттеген М.У.Турадилов, мақалада жана тасқа жазылған жазу жайлы келтірілген мәліметтердің жазылу мәнеріне қарай және онда сілтеме жоқтығын алға тартыш, П.П.Иванов, В.А.Каллаурдың 1897 жылы Терексай шатқалында ашқан жазулары жайлы хабарсыз болған, -деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге, М.У.Турадилов Терексайды П.П.Ивановтың ташқан төрт тік жазылған жазуы, 1930 жылы осы шатқалдағы сарқырама маңынан М.Е.Массон ашқан жазу болуы мүмкін - деген шікір айты.

Шиимтастағы жазуларды зерттеу мақсатымен М.Е.Массон мен Т.Миргиязов 1930 жылы Құлансай шатқалында болыш, оның қабатында жатқан шатқалдың жартастарынан, кескінделген көне жазулардың табылғанын атап өтті [3, 12]. Оның бірі - көне түркі, үйғыр және белгісіз

әлішпемен жазылған. Ал, екіншісі – төрт қатарлы, «999» жылмен мерзімделген, кейінгі үйғыр жазуы. Кейінгі зертеулер, М.Е.Массон тапқан бірінші жазу - 1897 жылы В.А.Каллаур ашқан №2 тастағы жазу екендігін көрсетті. Себебі, кейінгі зертеулерде, В.А.Каллаур Терексайда ашқан ескерткіштен басқа, үш әлішпемен жазылған жаңа бірде-бір ескерткіш аталауды.

М.Е.Массон мәтіндер арасынан, екі қатар руникалық жазуды анықтаң, олардың көшірмелерін түсірді. С.Е.Малов 1931 жылы жазулар көшірмесін зерттей келе, эпиграфиканың негізгі болігі үйғыр тілінде емес, монголша жазылған, -деген жаңсақ шікір айтты [28, 17-38; 15, 37].

Қырғыз КСР Фылым академиясының жалпы түркология мен дүнғантану бөлімі 1896-1897 жылдар аралығында В.А.Каллаурдың ашқан ескерткіштерін қайта зертеу мақсатында, 1964 жылы арнайы экспедиция ұйымдастырылды. Зертеу барысында Құлансай мен Терексайда орналасқан ескерткіштер суретке түсіріліп, жазулардың толық көшірмелері алынды [29, 102-104].

И.А.Батманов бұл ескерткіштерді 1971 жылы қайта зертец, жазулардың жаңа көшірмелерін жасады [30, 16, рис.9]. Бұған қоса, осы жазулар жайлы зертеулерді Ч.Джумаголов, Д.Ф.Винник, С.Садыков, У.Асаналиева, К.Аширалиева секілді мамандар да жүргізді. XX ғ. 60-шы жылдары, түрколог Э.Р.Тенишев Терексайда 1930 жылы М.Е.Массон ашқан төрт қатарлы жазуды аударды: «1.Что за монахи, что за колокол! 2.1590-91 [год], сподвижники, вероучител (и), миран, 3.Вода чуйских людей, 4.Выходя из озера, низвергается водошадом» [31, 148].

Қырғыз КСР FA Тарих институтының Қырғыз археологиялық экспедициясының эпиграфикалық тобы XX ғ. 70-шы жылдардың басында шатқалдардағы жазуларды зертец, оның мүшесі иранист-согдолог В.А.Левшиц бұл жазулардың соғды тілінде жазылғанын анықтаң, жазулардың толық дешифровкасын жасап аударды [32, 78-85]. Жазулар негізінен соғды графемасымен берілген көне түрк тілінде жазылған. Онда, шатқал арқылы керуен жолымен өткен жолаушылардың есімдері жазылған. Жазулардың арасында, үйғыр тілінде жазылған бірнеше қысқа жазулар да бар [15, 38-39].

В.А.Левшицтің мерзімдеуі бойынша, ең көне жазу Терексай шатқалындағы сарқырама маңындағы жазу, оның аудармасы: «275-й год (эры) Хосрова. Мы написали эту надпись – государь Кюль-тегин Алштаркан». «Хосроу» жыл санау бойынша 275 ж. - біздің 906/7 жылға тұра келеді.

Терексайдағы жартастағы жазулардың ішінде - 7 тік қатар соғды тіліндегі және 3 қатар руникалық жазулар, В.А.Левшиц бойынша Орта Азиядағы ең үлкен және бүлінуге қатты ұшыраған ескерткіш. Онда көптеген түрк ерлері мен әйелдерінің есімдері, сонымен бірге кейбір ер азаматтардың есімдеріне қосымша «богра», «алш-тарқан» және т.б. титулдары, ал әйелдердің есімдеріне қосымша «хатун» титулдары жазылған. Жазулардың

бірінде, тексті жазған автордың есімі жазылған: «Государь Алш-богра это написал», ал тексте - Алш-богра 14 әк сүйек «патша» титулының иегерлері - жергілікті билеушілерді өзіне шақырыш, оларға сый-сияшат көрсетті деп жазылған [32, 78-85]. В.А.Левшиц жоғарыда аталған жазуларды X ғ. мерзімдейді. Ал, бұл екі жазудың оң жағындағы жазуда, уақыты келтірілген - «хосроу эрасының» 371 жылдың «навсарт» айы (б.з. 1002 жылдың сөуір айы).

Ал, Құлан сайдағы жазу «хосров эрасының» 394 жылдың алтыншы айымен мерзімделген (б.з. 1025 жылдың тамыз-қыркүйек айы). Бұл ескерткіш уақыты, нақты көрсетілген ескерткіштердің ішіндегі ең кейінгісі болыш табылады. Жазуда «хосров» эрасынан бөлек, түрктің 12 жылдық жануарлар күнтізбесі бойынша уақыт эквиваленты берілген – «тышқан жылы». Жазуда 18 есімдер титулдарымен келтірілген және ең сонында 18-ші қатарда тексті жазған авторының есімі жазылған – «шапағатты» Құлтак [32, 78-85].

Корыта келгенде, қазіргі таңда, ұлттық мәдениет тарихының ең басты белгісі – жазу-сызу мәдениеті, оның ішінде көне руникалық жазу - біздің төлгума болмысымыздың айғақты көрсеткіші болыш табылады.

Талас өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан көне түркі жазба ескерткіштері соңғы жүз жыл бойы ғалымдардың назарынан тыс қалмай, жинақталған материалдарын сараштай отырып, зерттеулері жалғасуда.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Айыртамой шатқалындағы эпитафиялық жазулар VI-VIII ғғ. мерзімделсе, Т.Досанов руникалық жазу Енисей өңіріне Жетісі өңірінен өздерімен бірге үйсіндер әкелген және бірінші Талас ескерткішінің жазуы ерекше әдіспен (дукт) жазылғаның алға тартып оны V ғ. бұрын жазылған деген шікір айты. Ал, С.Г.Кляшторный VII ғ. бірінші жартысында Талас өңірі бастан кепшірген тарихи оқигаларды және «чор» титулы қара түргеш әулеті билік құрган кезіндегі жоғарғы титул екенін алға тартып, талас эпитафияларының кескінделген уақытын 716-739 жж. аралығына тұра келеді, -деп пайымдады.

Құлан сай мен Терек сай шатқалдарындағы соғды әліппесімен жазылған көне түркі жазуларының тарихи-мәдени маңызы бар. Себебі онда, қарахан түркілер билеушілерінің, әк сүйектерінің есімдерімен қатар, соғдылардың тіл жағынан түркілену үдерісін де көрсетті.

Әдебиеттер

- 1.Турадилов М.У. Археологическая деятельность В.А. Каллаура //Автореферат на соискание ученой степени кандидата исторических наук. –Алматы, 2007. -30 с.
- 2.Протокол заседания общего собрания членов Туркестанского кружка любителей археологии, состоявшегося 26 февраля 1896 года в зале Генерал-губернаторского дома //ПТКЛА, I. –Ташкент, 1896.
- 3.Массон М.Е. К истории открытия древнетюркских рунических надписей в Средней Азии // Материалы Узкомстариса. –Вып.6-7. –М.-Л., 1936.
- 4.Каллаур В.А. Новая археологическая находка в Аулиеатанском уезде //ПТКЛА, III. – Ташкент, 1898.
- 5.Отчет о деятельности Туркестанского кружка любителей археологии с 11 декабря 1896 года по 11 декабря 1897 года. (Год второй) //ПТКЛА, II. –Ташкент, 1897.

ТУРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2010

- 6.Милиоранский П. Новая археологическая находка в Аулиеатинской уезде //ЗВОРАО. Т.XI. –СПб., 1898.
- 7.Nemeth J. Die köktürkischen Grabinschriften aus dem Tale des Talas in Turkestan. Körösi Csoma-Archiv. Bd.II, 1-2. –Budapest, 1926.
- 8.Orkun H.N. Eski türk yazıtları. II. –İstanbul, 1939. -160-sf.
- 9.ЗВОРАО. Т.XI. –СПб., 1898.
- 10.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. –М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1959. -111 с.
- 11.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. –М.-Л.: Изд. Академии наук СССР, 1951. -451 с.
- 12.Умняков И.И. Архитектурные памятники Средней Азии. Исследование. Ремонт. Реставрация. 1920-1928 гг. –Ташкент: издательство типо-лит. «Правда Востока», 1929. –40 с.
- 13.Миронов А.М. Организационная, научная и практическая деятельность Средазкомстариса (быв. Туркомстариса) за пятилетие его существования // Известия Средне-Азиатского Комитета по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы (Средазкомстарис). Выпуск 1. -Ташкент: Средазкомстарис, 1926. -310 с.
- 14.Uğurlu K. Orhun anıtları. –Ankara: Ahmet Yesevi yayınıları-7, 1998. -136 sf.
- 15.Горячева В.Д., Перегудова С.Я. Памятники истории и культуры Таласской долины. –Б.:Кыргызстан, 1995. -120 с.
- 16.Бекжан О.Д. Құлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері. –Түркістан: «Тұран» баспаханасы, 2005. -176 б.
- 17.Базылхан Н. Древнетюркские письменные памятники Казахстана //Түркология. Қыркүйек-желтоқсан, №5-6 (37-38). –Түркістан: Тұран баспасы, 2008. -133-б.
- 18.Досанов Т. Восьмой и первый Таласские памятники (Новые расшифровки) //Көне түркі жазуаларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы (Дөңгелек үстел материалдары). –Астана: «Ер-Дәүләт», 2004. -232-б.
- 19.Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. –М., 1969. –с.189.
- 20.Кормушин И.В. К основным понятиям тюркской рунической палеографии //Советская тюркология. -1975. –с.47.
- 21.Винник Д.Ф. Новые эпиграфические памятники Таласской долины //Археологические памятники Таласской долины. –Фрунзе: изд. АН Киргизской ССР, 1963. –с.94-99.
- 22.Левшиц В. О происхождении древнетюркской рунической письменности //Советская археология, 1978. VI. –с.89.
- 23.Кляшторный С.Г. Рунические памятники Таласа: проблемы датировки и топографии //Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. №1(230). –Алматы: НИЦ «Фылым», 2001. –301 с.
- 24.Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескеркіштері: тарихи-деректанулық талдаулар //Түркология. Қантар-ақпан, наурыз-сәуір №1-2 (39-40). –Түркістан: Тұран баспасы, 2009. - 135-б.
- 25.Винник Д.Ф., Кожемяко П.Н. Памятники древнетюркской письменности из уроцища Айргамой //Новые эпиграфические находки в Киргизии (1961 г.). –Фрунзе: изд. АН Киргизской ССР, 1962. –с.3-10.
- 26.Каллаур В.А. Археологическая поездка по Аулиеатинскому уезду //ПТКЛА, II. –Ташкент, 1897.
- 27.Иванов П.П. К вопросу о древностях в верховьях Таласа //Сергею Федоровичу Ольденбургу к пятидесятилетию научно-общественной деятельности 1882-1932. –Л., 1934. –с.241-251.
- 28.Малов С.Е. Таласские эпиграфические памятники //Материалы Узкомстариса. Вып.6-7. –М.-Л., 1936. –с.17-38.
- 29.Сыдыков С.Р. Древние надписи в ущельях Кулан-Сай и Терек-Сай //Материалы по общей тюркологии и дунгановедению. –Фрунзе, 1964. –с.102-104.

М.М.Бахтыбаев. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы ...

- 30.Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. –Фрунзе, 1971. – с.16.
- 31.Тенишев Э.Р. Древнеуйгурские надписи Киргизии //Народы Азии и Африки. -1964. №1. -с.146-149.
- 32.Левшиц В.А. Согдийцы в Семиречье: лингвистические и эпиграфические свидетельства //Красная Речка и Бурана: материалы Каргизской археологической экспедиции. –Фрунзе, 1989. –с.78-85.

REZUME

М.М.BAKHTYBAEV (Turkistan)

THE HISTORY OF THE STUDY “TALAS MONUMENTS” IN THE UPPER REACHES OF THE TALAS RIVER

Article considers the history of the study “Talas monuments” in the upper reaches of the river Talas identified in the late XIX century, members of the Turkestan circle of fans of archeology and Finno-Ugric expeditions number.